

Қазақстан Республикасындағы адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі тұжырымдама туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 21 қараша N 1500.

Балалардың, жасөспірімдердің және жастардың адамгершілігінің берік

негізін, өсімтал және сексуалдық саулығын қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі тұжырымдама мақұлданын.
- 2.

Ескерту. 2-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.07.19. N 808 қаулысымен.

P020808_

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 21 қарашадағы

N 1500 қаулысымен

мақұлданған

Қазақстан Республикасындағы

адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі тұжырымдама

1. Кіріспе

Қоғамның басым міндеттерінің бірі - балалардың, жасөспірімдердің және жастардың өмірі мен оқуы үшін салауатты да қауіпсіз жағдай жасау, санаткерлік, рухани және дене күшін дамытуды қамтамасыз ету, адамгершіліктің берік негізін әрі салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі уақытта республикада балалардың, жасөспірімдердің және жастардың денсаулығына және адамгершілік мінез-құлқына байланысты қолайсыз жағдай қалыптасты, олардың негізгі себептері мыналар:

жыныстық қарым-қатынас аясында адамгершіліктің аяққа басылуы; денсаулықты сақтау мен нығайту жөніндегі қажетті білімнің болмауы; үлкендердің көмек көрсетуге қабілетсіздігі және әрбір жасөспірімнің, жастың алдында туындаған сұрақтарға жауап бере алмауы; жыныстық жолмен берілетін аурулар санының көбеюі; кәмелетке толмағандар жүктілігінің өсуі, оның салдары-аборт немесе көбінесе баладан безіну мен әлеуметтік жетімдікке, әкеліп соқтыратын жастай ана болу; кәмелетке толмағандардың жезөкшелігінің өсуі.

Соңғы он жылда жыныстық жолмен берілетін аурулармен (бұдан әрі - ЖЖБА) ауру күрт өсті және індет сипатына ие болды. Бұған бір саяси, экономикалық жүйеден екіншісіне көшу кезеңі, қоғамды басқарудың идеологиялық тетіктерінің әлсіреуі, жұмыссыздық деңгейінің өсуі, бұрыннан бар мұраттар мен моральдық қағидаттардың бұзылуы, жыныстық мінез-құлық нормаларының өзгеруі ықпал етті.

Ең алдымен өскелең ұрпаққа адамгершілік-жыныстық тәрбие беру жөнінде мемлекеттік және қоғамдық сипатта шұғыл шаралар қолдану олардың бойында жағымды-белсенді тұлғаны қалыптастыру, жасөспірімдерде болашақта берік отбасылық қарым-қатынасқа бағытталған белсенді жеке ұстанымды орнықтыру, тәндік және психикалық саулыққа ұмтылу қажеттігі туындайды. ЖҚТБ-ны қоса алғанда, ЖЖБА-ның алдын-алу, жөнсіз жүктілік, жыныстық қылмыстар мәселелері қоса ш е ш і л у і т и і с .

Бұл бағыттағы қызмет мемлекеттің өз азаматтарының денсаулығын қорғау саласындағы басты басымдықтарының бірі болып табылады.

Адамгершілік-жыныстық тәрбие тұжырымдамасы жастарға білім берумен байланысты мәселелерді реттеуге ықпал етуі тиіс.

2. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Барлық халықтың өсімтал және сексуалдық саулығын бағалау жөніндегі көрсеткіш топтардың бірі балалар, жасөспірімдер және жастар болып табылады.

15-17 жасар жасөспірімдер, Алматы қаласының 20 мектебі мен лицейінің 9-11-сынып оқушылары арасында жүргізілген жасырын сауалдаманы талдау сұрау салынған жасөспірімдердің 33,6%-ның жыныстық байланыстан тәжірибесі бар екенін, олардың 61,2%-ның тұрақты жыныстық қатынас жасайтынын көрсетті. Сұралғандардың 0,8%-ның 12 жасқа дейін жыныстық байланыстарда тәжірибесі болса, жасөспірімдердің 12,6%-ы оған 15 жасқа дейін ие болған.

Жасөспірімдер жезөкшелігі едәуір етек алды, жыныстық қатынас жасайтын сұрау

салынғандардың 40%-ы сексуалдық қызметі үшін сыйақы алған немесе алады.

Сұрау салынғандардың 0,5%-ы өздерінің қалыптасқан гомосексуалдық бағдарларын хабарласа, 1,3%-ы өздерінің бағдарларын бисексуалдық деп бағалайды, 7,3%-ы жыныстық құштарлығының бағытын белгілей алмаған. Сұралған жасөспірімдердің 23,3%-ы айына 2-3 рет және одан да жиі ішімдікті, 4,3%-ы есірткіні пайдаланады.

Жасөспірімдердің 24,8%-ы өздерінің мерезбен ауырғандарын зорлаумен байланыстырады, сонымен бірге сұрау салынғандардың 10%-ы алғашқы жыныстық қатынасының зорлау арқылы жасалғанын айтады.

Жыныстық қатынасқа түскен жасөспірімдердің 14%-ы венерологиялық аурулармен ауырған. Мұндай жағдайда олардың біреуі ғана арнаулы мекемеде емделген, ал 9-ы (64%) медициналық емес құрылымдардың қызметін пайдалануды немесе өзіне-өзі ем қолдануды артық көрген.

Қазіргі уақытта ЖЖБА-мен ауру республикада күрделі, үдемелі сипатқа ие болып отыр.

ДДҰ-ның ұсынымдары бойынша мерезбен ауру ЖЖБА-ның барлық тобы бойынша алдыңғы орын алатындығы мойындалды және ол ЖЖБА індетіне бара-бар сипатқа ие болуда.

Республикада ауру проблемаларының сақталуы мен күшеюіне және оның сипаттарының нашарлауына байланысты мерезбен аурудың деңгейі жоғарылағаны: өз еркімен медициналық көмекке жүгінушілердің аз үлесі; қатысты адамдарды табу мен жауапқа тартудың азаюы; туа біткен мерездің өсуі; қаладағы сияқты ауылда да 14 жасқа дейінгі балалар арасында мерезбен ауру деңгейінің біртіндеп өсуі байқалады.

Жасөспірімдердің мерезбен ауруы Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Астана мен Алматы қалаларында жиі байқалады.

0-ден 14 жасқа дейінгі топта туа біткен мерездің барлық жағдайы тіркелетінін, ал клиникаға негізінен 10-нан 14 жасқа дейінгі мерезбен ауырған балалар түсетінін, олардың тек 12%-ы ғана сексуалдық жағынан белсенді екенін ескерсек, 10-14 жастағылардың ауру деңгейін сипаттайтын қарқынды көрсеткіштер бұдан да ұлғая түседі. Былайша айтқанда, 10-нан 14 жасқа дейінгі балалардың саны 1620,6 мыңды құрайды, олардың 12%-ы сексуалдық жағынан белсенді немесе 194,5 мың, ал аурудың қарқынды көрсеткіші 100 мың халыққа 239,6-дан келеді. Осы есептен алғанда сексуалдық жағынан белсенді мың баланың әрбір екіншісі мерезбен ауырған.

Ер балалардан гөрі қыз балалар ауруының өсуі алаңдатады, бұл әсіресе 15-17 жасар жасөспірімдер топтарынан байқалады. Шын мәнінде жасөспірім қыздардың ауруы жасөспірім ер балалардың осындай көрсеткіштерінен 2 есе асып түседі. 14 жастан жоғары жасөспірімдер тобындағы қыз балалардың тіркелген мерез аурулары санының бел алуы сексуалдық қарым-қатынастың коммерциялануымен байланысты.

Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан

облыстарында гонореймен аурудың деңгейі күрт көтерілгендігі байқалды. Урогениталдық трихомониазбен және хламидиялық инфекциямен аурудың етек алуы алаңдаушылық туғызады. Жасөспірімдер арасында трихомониаздың таралу көрсеткішінің жоғарылығы осы аурудың сол аймаққа тән болып отырғандығын көрсетеді. Осындай көрініс Атырау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында байқалатынын айту қажет.

Қаралған топтарда ЖЖБА бойынша аурудың көбеюіне балалардың сексуалдық белсенділігінің күшеюі әсер етеді. 14 жасқа дейінгі балалармен салыстырғанда жасөспірімдерде ауру абсолюттық мәніндегі сияқты оның өсу коэффициентінде де көбірек білінеді.

Сөйтіп, өтпелі кезеңде қоғамды қайта құрушы экономикалық және әлеуметтік алға басулар сексуалдық саулық жағдайында ең бірінші кезекте балаларға, жасөспірімдер мен жастарға салқынын тигізді.

3. Адамгершілік-жыныстық тәрбие саясатының қағидаттары

Қазіргі кезде, мектепке дейінгі білімді қоса алғанда, білім беру ұйымдарының жүйесінде адамгершілік-жыныстық тәрбиенің элементтері енгізіліп отыр. Білімнің едәуір көлемі жасөспірімдерге жоғары сыныптарда валеология сабақтарында, колледждер мен жоғары оқу орындарының оқушылары мен студенттеріне арнайы курстарда беріледі. Сонымен бірге адамгершілік-жыныстық тәрбие саласында бірыңғай нысаналы саясат, осы пәннің мәні не және әлеуметтік әрі медициналық тұрғыдан қалай оқытылуы тиіс екенін білдіретін нақты айқындама жоқ.

Халықаралық тәжірибе адамгершілік-жыныстық тәрбие мәселелерімен тәрбиешілер және педагогтар айналысатындығын көрсетеді. Дәрігер тәрбие процесіне адамгершілік-жыныстық тәрбие мақсатына өзінің көмегі арқылы жететін болғанда ғана араласуы керек. Медиктердің міндеті барлық сатыдағы педагогтарды балалардың, жасөспірімдердің, жастардың психикалық-физиологиялық даму ерекшеліктерімен және "акселерация" сияқты ұғымдармен таныстыру болып табылады. Адамгершілік-жыныстық тәрбие негізіне салауатты өмір салты жатады, сондықтан адамгершілік-жыныстық тәрбие қалыпты адамгершілік қарым-қатынастардан нәр алады. Ұрпақ тарату жөніндегі ағартушылық ісі сексуалдық саулық мәселелерінде қосалқы рөл атқаруға тиіс. Бірақ ата-аналар мен педагогтардың бәрі бірдей балалардың сұрақтарына дұрыс әрі ашық жауап бере алмайтындықтан, балалардың, жасөспірімдердің және жастардың ұрпақ жалғастырудың биологиялық астарларын білуі қажет.

Осы айтылғандарды негізге алғанда, адамгершілік-жыныстық тәрбиенің мақсаты жас ұрпақтың бойына жынысаралық қарым-қатынастарда адамгершілік

құндылықтарды, өзінің тәндік және психикалық саулығы мен жыныстық мінез-құлқы үшін жауаптылықты нысаналы түрде сіңіру жолымен жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Адамгершілік-жыныстық тәрбие міндеттеріне мыналар жатады:

Қазақстан Республикасы азаматы жалпы тәрбиесінің бір бөлігі екеніне негізделген адамгершілік-жыныстық тәрбие саясатын қалыптастыру және оның денсаулығын сақтауына, неке мен отбасын мемлекеттің қорғауына конституциялық құқығын қамтамасыз ету;

ата-аналарды, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдарды қоса алғанда, адамгершілік-жыныстық тәрбиенің қатысушыларын және олардың міндеттерін анықтау;

білім беру ұйымдарында адамгершілік-жыныстық тәрбиенің кезеңдерін әзірлеу; осы жастағы топтың және бүкіл қоғамның арнайы білімді неғұрлым қолайлы, демек тиімді қабылдауына жағдай жасау;

адамгершілік-жыныстық тәрбиенің сапасына бақылау ұйымдастыру.

Адамгершілік-жыныстық тәрбие қағидаттарына мыналар кіреді:

өзін және басқаларды құрметтеуге, өз өмірінің балалық шағынан балғын жастық арқылы ересек кезеңіне ауысу сенімділігіне, болашақта салауатты отбасын құруға бағытталған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде оқыту өткізу;

жасөспірімдер мен жастардың бойына оң бағдарларды дарыту үшін барлық онтайлы жағдайды немесе олардың үлгілерін пайдалану арқылы бағдарламаны тез меңгеру мүмкіндігі;

өскелең ұрпақты даярлау кезеңділігімен үйлесімдегі нысаналылық және төте әрі кері байланыстар тетігі;

берілетін ақпараттың соқыр сенімнен және "қажетсіз сексуалдықтан" ада дұрыстығы;

ерте басталатын сексуалдық тәжірибелерді көтермелемеу, өзін және өзгелерді құрметтеу, адам сексуалдылығын, сексуалдық белсенділікті қоя тұрудың себептерін түсіну;

рухани, моральдық және сезімдік даму мәселелерін қоса алғанда, жыныстық мінез-құлқты, жөнсіз тәуекел мен тиісті бастапқы алдын алу шараларын нақты білу арқылы тәрбиеге бірыңғай тұрғыдан келу;

оқытушы кадрлар даярлау тәрбиешінің баланың мінез-құлқын еппен бағыттауға, оның туындаған мәселелері мен проблемаларын абаймен және сыпайы шешуге көмектесуге деген ықыласын оятатын білім беруді басқару үлгісін әзірлеу;

бала даралығы мен оның дүниетанымының қалыптасу кезеңіне жатқызылатын пәннің ақпараттылығы, қол жетімділігі және айқындығы;

өсімталдық проблемаларын шынайылықпен баяндау кезінде сексуалдық құштарлықты қоздырмау, керісінше, осы процестің артында тұрған моральдық

астарларды, отбасын құру мен бала туудың маңыздылығын көре білуге икемдеу; жөнсіз тәуекелдің (жүктілік, ЖЖБА және т.б.) алдын алу.

Аталған қағидаттарды іске асырудың маңызды нәтижесі жасөспірімдер бойында жынысаралық өзара қарым-қатынастарда адамгершілік дағдыға айналатындай моральдық қасиеттерді тәрбиелеу болуы тиіс.

4. Негізгі бағыттар

Білім берудің әр кезеңі - бастауыш, негізгі және орта мектептерде немесе кәсіптік бастауыш, орта және жоғары білім алған кезде - адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі білімді меңгеруге және жетілдіруге өз үлесін қосуы тиіс.

Білім беру ұйымдарында оқитындар:
өзіне сенімді болуға;
жыныстық жетілу кезеңіне дайын болуға;
зорлық қатері төнген кезде үлкендердің көмегі мен қолдауын сұрауға дайын болуға;

жасөспірімдердің шешімдерін, пайымдауларын және мінез-құлқын

айқындайтын оң құндылықтар мен моральдық шеңберлер қалыптастыруға тиісті.

Білім беру ұйымдары:

жасөспірімдерді жыныстық мінез-құлықты ұғынуға, кездейсоқ жыныстық байланыстан тартынудың пайдасын және қауіпсіз секстің артықшылығын түсінуге үйретуге;

отбасын құрудағы өз рөлін тануды үйретуге;

тәуекелге барудың (жөнсіз жүктілік, АҚТҚ/ЖҚТБ-ны қоса) алдын алу жөнінде ақпарат беруге және дағдыларды дарытуға;

жөнсіз немесе қауіпті секске қарсы тұра білуді үйретуге;

сексуалдық саулық мәселелерінде қолдау мен көмек беретін қызметтер мен ұйымдар туралы білім беруге;

қауіпсіз жыныстық мінез-құлықтың құқықтық мәселелері бойынша білім беруге;

адам өсімталдығының негіздері жөнінде білім беруге;

адам ағзасына жыныстық жолмен берілетін микробтар мен вирустардың қандай зиян тигізетіні туралы білім беруге;

өсімталдық үрдісіне гормональдық қатысу туралы білім беруге;

ағзаның қорғану қуаты туралы білім беруге тиісті.

Колледждер мен жоғары оқу орындарының оқушылары мен студенттеріне адамгершілік-жыныстық тәрбие беру, болашақ ерлі-зайыптылардың психологиялық және физиологиялық үйлесімділіктерінің әр түрлі астарларын, отбасын құруға дайындықтың тікелей мәселелерін, сондай-ақ адамның биологиялық, физиологиялық, психосексуалдық қасиеттерін қоғамдық өмірдің белгілі бір құбылыстарымен қатынасын қоса алғанда, неғұрлым өзіне тән мәселелерді қозғауы тиіс.

Білім беру ұйымдарында адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі факультативтік курсты, арнайы пәнді оқыту стратегиясы мына қағидаттарға құрылады:

білім алушылармен (тәрбиеленушілермен) өзара қарым-қатынаста нақты ережелерді орнықтыру;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) тосын сұрақтары мен түсіндірмелеріне дұрыс ден қоя білу;

пікірталастарды, рөлдік ойындарды және т.б. пайдалану; тақырыпты әзірлеу кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) дербестігін көтермелеу.

Білім беру ұйымдары балаларға, жасөспірімдерге және жастарға сексуалдық саулықпен жынысаралық өзара қарым-қатынасқа байланысты мәселелерді талқылауда, тыңдауда және ойластыруда сенімділіктерін дамытуға көмек беруі тиіс.

Бұл орайда жеке басқа тиісуге, білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) пікірталасқа мәжбүрлеп қатыстыруға болмайды.

Адамгершілік-жыныстық тәрбие саласындағы білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының негізгі міндеті өскелең ұрпақтың бойында адамгершілікті, салауатты өмір салтын, отбасын құруға негізделген салауатты жыныстық мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған оқытудың бекітілген бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

Адамгершілік-жыныстық тәрбие мәселесі жөнінде іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу педагогикалық және медициналық кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасын жетілдіру қажет.

Білім беру жағдайы тәрбиенің әрбір кезеңінде материал қабылдаудың жастық ерекшеліктерінен туындауы тиіс. Бұл орайда оқытудың барлық нысаны мен әдісі: безендіру қолданатын сабақтар, "ой-зерде шабуылы", топтық пікірталастар, аудиокөру құралдары (плакаттар, бейнефильмдер және т.с.с.), рөлдік ойындар, шытырман есептер және басқалар пайдаланылуы тиіс.

Адамгершілік-жыныстық тәрбиенің негізгі ұйымдастыру нысандары мыналар: жаратылыстану-ғылыми пәндер шеңберіндегі сабақтардың (жаттығулардың) фрагменттері және жеке сабақтар (жаттығулар); факультативтік сабақтар;

білім алушыларға (тәрбиеленушілерге), педагогикалық және медициналық

қызметкерлерге, ата-аналарға арналған семинарлар, тренингтер; білім алушылар (тәрбиеленушілер), педагогикалық және медициналық қызметкерлер, ата-аналар үшін арнайы орталықтарда өткізілетін консультациялар және б а с қ а л а р .

Педагог, медициналық қызметкер, ата-ана білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) сұрақтарына нақты және анық жауап беруге дайын болуға, сондай-ақ әртүрлі жынысты білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) оқудың барлық кезеңінде олардың өзара қарым-қатынастарындағы кез келген нақты көріністерге дер кезінде және дұрыс ден қоя білуі тиіс. Педагогикалық, профессорлық-оқытушылық ұжымның тікелей білім беру ұйымдарында жынысаралық қарым-қатынастың сипатына еппен ықпал етіп отыруы - жыныстық тәрбие жүйесіндегі маңызды әрі қажетті элемент.

Жыныстық тәрбиені жүзеге асыру кезінде ұлттық-діни және аймақтық ерекшеліктерді ескеріп отыру қажет.

Жынысаралық қатынастар денсаулық мәселелерімен тығыз байланыста қарастырылады. Денсаулықты, оның ішінде өсімтал саулықты сақтау және нығайту үшін жеке бастық өмірдің және денені күтудің жетістіктерін пайдалану қажет.

Республикалық және жергілікті білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер, қорғаныс басқару органдары білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) даярлау сапасын бақылауды қ а м т а м а с ы з е т у г е т и і с .

Тұтастай алғанда, адамгершілік-жыныстық тәрбие процесі: білім алушылар (тәрбиеленушілер), педагогикалық және медициналық қызметкерлер, ата-аналар үшін оқытудың біріздендірілген бағдарламаларын әзірлеуді;

АҚТҚ/ЖҚТБ-ны қоса алғанда ЖЖБА-ның алдын алу саласында дәрігерлердің, психологтардың және мұғалімдердің қатарынан мамандар мен көмекші мамандар д а я р л а у д ы ;

жасөспірімдерді, жастарды және ата-аналарды: өтпелі жас, қоғамдағы мінез-құлық, жыныстық айырмашылықтар, биологиялық астар, өсімталдық, сексуалдық саулық, ЖЖБА, АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын алу проблемаларын қарастыратын базалық бағдарлама б о й ы н ш а о қ ы т у д ы ;

ата-аналарды өздерінің үйлесімді жыныстық мінез-құлқын дамыту дағдыларына және осы дағдыларды өз балаларының бойына дарыта білуге үйретуді қамтитын бірнеше кезеңде жүзеге асырылуы тиіс.

5. Білім беру процесіне қатысушылар

Адамгершілік-жыныстық тәрбие процесіне ата-аналар, мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру мен денсаулық сақтау ұйымдары, жастар бірлестіктері және т . б . қ а т ы с у ғ а т и і с .

Баланың дүниеге келгенінен бастап азамат ретінде қалыптасуына дейінгі бүкіл

кезенде адамгершілік-жыныстық тәрбие мәселесінде ата-ана, отбасы негізгі болып табылады. Ата-ана өнеге көрсетеді, сондықтан адамгершілік-жыныстық тәрбие беруде негізгі талаптар отбасына қойылуы тиіс. Жақын туыстық, достық, ыстық ықыласты қатынастардан туындайтын, өзара сыйластыққа негізделген терең бауырмалдық, шексіз берілгендік, басқа жынысты адамға қызығу - осының бәрі балаларға отбасында сіңеді.

Ата-аналар өз балаларының адамгершілік-жыныстық тәрбиесін жоспарлау және жүзеге асыру мәселелерінде білім беру ұйымдарымен тығыз ынтымақтастықта болуға тиіс. Балаларды жыныстық қарым-қатынас мәселелеріне үйретуде, өсудің сезімдік және тәндік астарларымен байланысты қиыншылықтарды шешу кезінде, баланың сексуалдық тұрғыдан есеюіне байланысты мәселелерге балалардың жауапкершілік және дайындық сезімін тәрбиелеуде ата-аналардың рөлі аса маңызды.

Өз кезегінде, ата-аналарға анатомия, физиология, психология, АҚТҚ/ЖҚТБ-ны қоса алғанда ЖЖБА-ның алдын алу мәселелерінде қолдау және білім керек.

Барлық ұйымның осы проблема бойынша қызметі өскелең ұрпаққа жоғары адамгершілік қасиеті бар азаматтар ретінде қойылатын қазіргі талаптарға жауап бере алатын адамгершілік-жыныстық тәрбие беру бірыңғай жалпы мемлекеттік саясатын іске асыруға бағындырылуы тиіс.

Адамгершілік-жыныстық тәрбие саласындағы саясат ата-аналардың және жұртшылықтың мейлінше барша қауымының пікірін ескеріп отыруы тиіс.

Адамгершілік-жыныстық тәрбие барлық оқушылар мен студенттер қауымын қамтуы тиіс.

Адамгершілік-жыныстық тәрбиенің білім беру бағдарламалары бірізді әрі жұртқа ұғынықты болуға тиіс.

Білім беру ұйымдары адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі жұмысты кім және қалай жүзеге асыруға тиістігін және ерекшелігі бар мәселелерді қалай жариялау керектігін біліп отыруы тиіс.

Білім беру ұйымдары жыныстық тәрбие мәселесінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) қауіпсіздігі мен амансаулығына жауап береді. Білім беру ұйымының басты міндеті - негіз қалау, әдепсіздік пен үйірсектіктен жалтара отырып, тәрбиенің осы саласына шектен тыс асығыстық сипат берместен, бірақ сонымен қатар білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) ағзасындағы жас ерекшеліктері мен физиологиялық өзгерістер сипатын ескере отырып, жалпы мәні бар бағдарларды орын-орнына қою.

Білім беру ұйымдары адамгершілік-жыныстық тәрбие саласындағы өз қызметін денсаулық сақтау органдарымен, жергілікті атқарушы билік органының жанындағы кәметке толмағандар құқығын қорғау жөніндегі комиссиямен, ата-аналармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып іске асырады.

Білім беру ұйымдарының негізгі міндеттерінің бірі білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) арасында АҚТҚ/ЖҚТБ-ны қоса алғанда ЖЖБА-ны бастапқы

алдын алу тетігінің іске асырылуы болып табылады.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесі адамгершілік-жыныстық тәрбие жөнінде балалармен жұмыс істейтін педагог кадрлар даярлауды қамтамасыз етуге тиіс.

Кәсіби медиктердің адамгершілік-жыныстық тәрбие жұмысына қатысуы мектептерге көмек көрсетуден, оқытушылардың ролін толықтырудан көрінуі тиіс. Олар оқушылардың жыныстық тәрбиесінің өсімталдық, сақтану мәселелері, АҚТҚ/ЖҚТБ және ЖЖБА-ның асқынуы, консультативтік және мамандандырылған көмек көрсету қызметі туралы оқушылардың медициналық білімін толықтырады.

Салауатты өмір салты орталықтары балалар мен жастарға гигиеналық білім және тәрбие береді, салауатты өмір салтын белсенділікпен насихаттайды және ағзаға темекі шегуден, ішімдік, есірткі пайдаланудан келетін зиян туралы ескертеді, әрі білім беру ұйымдарында осы бағыттар бойынша балалармен және жастармен жұмыс істеудің бағдарламалары мен жоспарларын құруға қатысады.

Іс-шараларды қаржыландыруды көзделген қаражат шегінде республикалық

және жергілікті бюджеттердің қаражаты, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың көмек қаражаты, ұйымдардың және халықтың демеушілік көмегі, білім беру ұйымдарының өз қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да көздердің есебінен жүзеге асыру көзделеді.

Осы Тұжырымдаманың іске асырылуы балалардың, жасөспірімдердің және жастардың адамгершілігі мен салауатты өмір салтының берік негізін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.